



ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына № 21 сайлау округі бойынша үміткер Қыдырбаев Аралбай Жақсылықұлының сайлауалды бағдарламасы

ӨМІРДЕРЕК
Мен, Қыдырбаев Аралбай Жақсылықұлы 1967 жылы 12 ақпанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Кәукей елді мекенінде дүниеге келдім. Ұлтты – қазақ, білімім – жоғары. 1974-1984 жылдар аралығында Қазалы ауданы, Кәукей елді мекеніндегі № 225 мектепте білім алдым. 1984 жылы Қарағанды политехникалық институтына оқуға түстім. 1985-1987 жылдар арасында әскери борышымды Венгрияда өтедім. 1987 жылы Қарағанды политехникалық институтында оқуымды жалғастырдым. 2013 жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің көлік бакалавры дәрежесін алдым. Қарағанды облыстық мемлекеттік сактандыру фирмасында ревизор болып қызмет атқардым. Одан кейін Қарағанды қосммерциялық және өнеркәсіптік кәсіпорны «ИНСТРУМЕНТ» палатасында инженер, атқарушы директор, «КәдімгіРос» Сәуір үйі ЖШС аймақтық директоры болып қызмет еттім. 2006-2009 жылдары Қарағанды қаласы «Промстройинструмент»

Сауда үйі ЖШС директоры, 2009-2020 жылдар аралығында Алматы қаласы «СпецТехИнструмент» Сауда үйі ЖШС бас директоры болып қызмет атқардым. 2020-2022 жылдары Алматы қаласы «Алматы мәдени тұрмыс құрылыс АҚ филиалы КСМК-2 бас инженер, 2022 жылдан бері осы мекенімнің директоры болып қызмет атқарып келемін. Отбасылым.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестер! Жаңа кезеңде жаңа жетістіктерге жету жолында еліміздің заң шығарушы органы – Мәжіліс сайлауына қатысуға бел будым. Мақсатым: 1. Құқық қорғау саласы бойынша қабылданған заңдардың, сот пен прокуратурадағы кейбір заңдардың орындалу механизмін жетілдірудегі жұмыстарды белсене қамту. Медициналық персоналдың, ең алдымен дәрігерлер мен орта медициналық персоналдың татаулығын жою. Ол үшін дәрігерлердің жалақысын көбейту,

еңбек жағдайын жақсарту және әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз ету қажет. Білім беру саласы бойынша бірінші кезекте оқу мен оқытудың Қазақстандық моделін құруға, қалыптастыруға күш салу. 2. Өзбiр тұрғынды тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жалғастыру, жас отбасыларды қолдаудағы қабылданған түрлі мемлекеттік бағдарламалардың жұмыс істеуін жетілдету, қажеттілікті қамтамасыз ету. 3. Мәдениет саласы бойынша мәдениет ошақтарын – орталықтар, театрлардың салынуын жолға қоюдағы жұмыстарға ықпал жасау. 4. Қызылорда Жақсаған автожолының ұзақтығы және сапалы салынуын бақылауда ұстау. 5. Жастардың бойына Қазақстандық патриотизмді сіңіру, қалыптастыру жоспарының бірі.

Сайлаушыларымың ұсыныстары мен пікірлері мен үшін маңызды. Сенімдеріңізді үдіспен шығу – менің басты мақсатым.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді



Қызылорда облысының №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидат Дүйсенбек Баян Сабырқызының сайлауалды бағдарламасы

ӨМІРДЕРЕК
Дүйсенбек Баян Сабырқызы 1993 жылы 27 қыркүйекте Қызылорда облысы, Шиели ауданында дүниеге келген. 2015 жылы Еуразия Ұлттық университетінің биотехнология мамандығы бойынша үздік бітірген. Еңбек жолын туған жері – Шиели өңірінен бастаған. Заманауи агротехнологияларды ауылдағы пайдалана отырып, 2016 жылы Шиели ауданында «Ару Аң» сүт өндітін кәсіпорнын іргесін қалап, жаңа технологияны қолдана арқылы түйе сүтін өңдеу мен сақтауды тиң тәсілдерін ойлап тапқан. Қызылорда облыстық мәслихатының VII шақырылымының депутаты. ТМД халықтарының Ғылым және инновация жылында өткен «Жас ғалым – 2009» III халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының I дәрежелі лауреаты. Ауыл шаруашылығы саласында жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін «Сәт технология» номинациясымен марапатталған. «Ақсар» шындырағы ту тікен 100 ауыл өңілі» атты қазақстандық іскер әйелдердің тізіміне енген. «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл» мерекелік медалмен, «Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаева – 130 жыл» мерейтойлық медалмен марапатталған.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қымбатты жерлестер! Сыр елінің өсіп-өркендеуіне тәшәшдай үлес қосу үшін ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына Қызылорда облысының №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша өзімді ұсындым жөн көрдім. Өздеріңіз білетіндей, жас технология мамана ауылдық жерден жұмыс табыла қоймайтыны анық. Алайда оқыған білімім мен тәжірибемді сынан көруге тәуекел еттім. «Ару Аң» шұбат цехын іске қостым. Кәсібім О-ден бастаған жас технология үшін бұл үлкен жеңіс болды. Ал енді ел мен жер үшін еңбек ететін сәт туды, алдағы уақытта төмендеудей өзекті мәселелердің он шешімін табуға жұмыс істеймін. 1. Оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларын жаңарту маңызды, теориямен практиканың алашақ дегендей байланыстыру бағытын қолға алармын. Жайылым жерлердің тапшылығы, жеке қоспақы шаруашылықтар мен ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту, ветеринария және агробототехнология салаларын жақсартуға байланысты агроөнеркәсіп саласының дамуына жаңа серпін беруге жұмыс істеймін.

2. Қызылорда облысы бойынша таза ауа қуа көп жетіске алмай отырған ауылдардың мәселесін шешудің онтайлы жолын қарастыру. Ауыл тұрғындарына тиімді және қажетті кәсіп көздерін ашуға бағыт-бағдар беру. 3. Қызылорда облысында аудан орталықтарынан шырақта орналасқан елді мекендердегі дәріхана желілерін үш жолдарын қарастыру, медициналық көмекті жалпыға бірдей қолжетімділігін арттыру. 4. Тәуелсіз еліміздің басты ұстанымы – болашақта дамыған елдердің қатарынан ауыл. Бұл мақсатқа жету үшін қорлық жерлерді интернет желілерін толықтай жабықтап, көз-келген жағдайға өзiр болу керек. Жатандану дәуіріндегі балалардың білім жүйесі де жаңарды. Демек енді мектептер толық интерактивті тақтармен, интернетпен, жаңа технологиялармен жабдықтауы шарт деп білемін.

Қадірлі жерлестер! Сыр жастары Қазақ елінің азаматы ретінде өз сайлауалды бағдарламасында ұсынған бағдарламаларды қолдауына шақырамын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді



Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына №15 сайлау округі бойынша кандидат Байділдаев Әмірбек Мырзақерімұлының сайлауалды бағдарламасы

ӨМІРДЕРЕК
Байділдаев Әмірбек Мырзақерімұлы 1970 жылы 1 қыркүйекте Қызылорда облысы, Шиели ауданы, Тартоғай ауылында дүниеге келген. 1977-1987 жылы Қызылорда облысы, Ақсуат ауылындағы №143 орта мектепте білім алған. 1988-1990 жж. Кеңес әскері қатарында әскери борышын өтеген. 1991ж Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына түсіп, 1995 жылы Құрқыт Ата атындағы Қызылорда педагогикалық институтын дене шынықтыру мамандығы бойынша бітірген. 1995 жылдан бастап жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Тәуелсіз еліміздің әлеуетін нығайту жолында қосқан еңбегі үшін қала, ауыл өкілдерінің марапатына ие болған. Ақсуат ауылының көркейіп, қосқан үлесі үшін төсбелімен марапатталған. Отбасылы, екі ұл тәрбиелеп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар! Алдағы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен ҚР Парламент Мәжілісі және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау күні болып бекітілді. Бұл саяси науқан елімізді түбегейлі өзгеріске бастайтын қадам. Мұның бұрынғы сайлаудан өзгешелігі – депутат партиялық тізіммен және бір мандатты сайлау округі бойынша сайланады. Сондай-ақ депутаттық мандатқа республикамыздың кез келген азаматы өзін-өзі ұсына алады. Сайлауалды өз округінен сайлаған депутат міндетін дұрыс атқарамаған жағдайда мандатын кері қайтаруға құқылы. Бұл халық қалаулыларының елмен етене байланыс жасап, халықтың мұң-мұқтажына көңіл бөлуде жауапкершілік жүктейтінін сезіндіреді. Осы орайда мен Байділдаев Әмірбек Мырзақерімұлы өзімді №15 сайлау округінен қалалық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде ұсындым. Осылайша туған жерді

түлетуге өз үлесімді қоссам деймін. Қарапайым халықтың базасын билікке жеткізуде халық қалаулыларының мүмкіндігі зор. Сондықтан мен сайлаушылардың сеніміне ие болып, аталған округтен қалалық мәслихат депутаты болса мына мәселелерді шешуге атсалыспақпын. – Өркениетті ел – инфрақұрылымы толық дамыған, халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалған мемлекет. Сондықтан бұл бағытты жетілдірмей, дамадың деу бос сөз. Осы орайда ауылдың оған қарасты елді мекендердің инфрақұрылымдарын дамытуға ықпал ету; – Өлеуметтік бағытта білім, денсаулық, спорт саласының өркендеуі жарқын болашақтың келіпі болмақ. Бұл ретте білім саласында сапалы білім беруді арттыру керек. Ол үшін бүгінде «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынуға. Аталған мемлекеттік бағдарламаның жүйелі жүзеге асуын қадағалау; – Денсаулық сақтау саласы бойынша ауыл аймақтағы медицина қызметінің қолжетімділігін арттыру, медициналық нысандардың елді

мекендерде бой көтеруіне жұмыс жасау; – Денсаулық сақтау саласындағы тегін дәрігерлік қызметтің неғұрлым көбеюіне, ана мен баланың өлімін болдырмауға, денсаулығын сақтауға ықпал етуге; – Жастардың бұқаралық спортпен айналысуына, салауатты өмір салтын ұстануына барынша мүмкіндік жасалған. Бұл бағыттағы іс-шаралардың тұрақты жүргізілуін назарда ұстау; – Жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзшылықтың алдын-алу шараларын жүзеге асыру жұмыстарының ұйымдастырылуына ықпал жасауға; – Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауды реформалауға; – Отандық өнім өндіруші шағын және орта кәсіпкерлікке нақты қолдау көрсететін заңнамалардың қабылдануына бастама көтеруге; – Бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасаудың маңыздылығы аса қажет. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде бизнес үшін жеңілдетілген несие берудің

қолжетімділігін арттыруға, мемлекеттік сатып алуларда жергілікті кәсіпкерлерді қамту үлесін ұлғайтуға, жеңілдеті тауар өндірушілердің өнім сатқын алудың заңнамалық сүйемелдеуін жетілдіруге барынша атсалысамын. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: бәріміз және ерқайсысымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында басымдық берген мәселелердің жүзеге асуына барынша жұмыла атсалысуымыз қажет. Қаламыздың дамуы мемлекетіміздің өркендеуіне жол ашады. Сондықтан өңірді дамытудың серпінді жобаларды іске асыруға барынша ықпал жасаймын. Халық қалаулысы болу – үлкен жауапкершілік. Сенім артқан халықтың алдында айтылған әрбір уәдені орындап, алдадық танытуға күш-жігерімді саламын. Ендеше осы сайлауалды бағдарламама мақсаттарымызды бірге жүзеге асыратын бірден-бір мүмкіндік болмақ. Мәңгілік елді жолыңдағы жобалар жүзеге асырылса, ТАНДАУ ЖАСАҢЫЗ!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

САЙЛАУШЫЛАР НЕНІ БІЛУ КЕРЕК ?

Мәжіліс сайлауында 12 млн-ға жуық азамат өз таңдауын жасайды. Дауыс беру күні өзінің тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әр азамат дауыс беру күніне 30 күн қалғанда, яғни, 2023 жылғы 17 ақпандан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, өзінің нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы. Аталған құқықты дауыс беру күні тіркелген жерінде болмайтын азаматтар, басқа қаладан келген, арнаулы жоғары және орта оқу орындарында оқитын, жатақханадан тыс тұратын студенттер, вахталық едіпен жұмыс істейтін азаматтар да пайдалана алады. 2023 жылғы 4 наурыздан бастап тұрғындар тіркелген мекенжай бойынша өзінше сайлаушылар тізіміне еніп-енбегенін тиісті әкімдіктің сайты немесе колл-орталығы арқылы тексеру алады. 2023 жылғы 4 наурыздан бастап тұрғындар тіркелген мекенжай бойынша өзінше сайлаушылар тізіміне еніп-енбегенін тиісті әкімдіктің сайты немесе колл-орталығы арқылы тексеру алады. Сайлауда кімдер дауыс бере алады? Қазақстанның азаматы және өзге азаматты тегіне, әлеуметтік, пәлуазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діні көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан сайлауда дауыс

беруге құқылы. Бір адам бір дауысқа ғана ие. Азамат дауыс беру үшін сайлаушылар тізімінде болуға тиіс. Сайлау учаскесіне келгенде жеке куәлігің (еГОВ қосымшасындағы цифрлық құжат жарамды) не паспорттың көрсетуі қажет. Сайлауда сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, бас бостандығын айыру орындарында отырған азаматтар қатыспайды. **Басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге бола ма?** Тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әр азамат дауыс беру күніне 30 күн қалғанда тіркелуге құқылы. Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жеріндегі сайлаушылар тізімінен шығарып, дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізеді. Бірақ бір елді мекен шеңберінде басқа учаскеде дауыс беруге болмайды. Осы құқықты: • дауыс беру күні тіркелген жерінде болмайтын азаматтар; • басқа қаладан келген, арнаулы жоғары және орта оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер; • вахталық едіпен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады. Сайлаушылар тізіміне енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе колл-орталығы

арқылы тексеруге болады. 2023 жылғы 4 наурыздан бастап сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру аласыз. **Шет елде жүрген қазақстандықтар қалай дауыс береді?** Дауыс беру үшін өзіңіз тұрған шет мемлекеттегі сайлау комиссиясының учаскесіне жүгінуіңіз керек. Шетелдегі сайлау учаскелерінің тізімі Орталық сайлау комиссиясының сайтында жарияланған. Шет елдегі қазақстандықтар немесе дауыс беру күні өзге елде болатын азаматтар өшіліктер сайтына, телефон нөмірлері мен электронды пошталық мәліметтерін хабарлап, сайлаушылар тізіміне қосыла алады. Дауыс беру кезінде өзімен бірге Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болуы қажет. **Дауыс беру қағазында «Бәріне қарсымын» деген баған бола ма?** Иә, болады. Алғаш рет мәжіліс сайлауында «Бәріне қарсымын» деген баған сайлау бюллетендерінде енгізіледі. Осыған дейін президент сайлауында азаматтар осы мүмкіндікті пайдаланды. Сайлаушы кандидаттың ешқайсына дауыс бергісі келмесе «Бәріне қарсымын» дегенді белгілей алады. Бұл баған сайлаушылардың

белсенділігін анықтауға арналған, сайлау қорытындысын шығарғанда есепке алынбайды. Бірақ қанша адам «Бәріне қарсымын» деген бағанды таңдағаны жалпы мәлімет беріледі. **Кандидаттар сайлаушылардың қанша пайыз дауысын жинауы керек?** Депутаттар жалпыға бірдей, төрт және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Сайлаушылардың 50 пайызынан астамының дауысын жинауы керек. **Партиялардың мәжіліске өтуіне қажет дауыстың төменгі шегі 7 пайыздан 5 пайызға төмендетілді.** Сайлаушылар дауысының кемінде бес пайызын жинаған партиялар парламентте мандат ала алады. Заң бойынша мандаттардың тарату кезегін партияның басқарушы органы сайлауға ұсынған партиялық тізім бойынша анықтайды. Оған 10 күн беріледі. Белгіленген уақыт ішінде мандаттарды тарату кезегі анықталмаса, Орталық сайлау комиссиясы мандаттарды тізімдегі алфавит тәртібін тартады. **Өйелдер, жастар және мүгедектерді бар адамдар үшін қарастырылған 30 пайыздық квота партиялық тізім мен мандаттардың бөлінісі кезінде сақталады.**

белсенділігін анықтауға арналған, сайлау қорытындысын шығарғанда есепке алынбайды. Бірақ қанша адам «Бәріне қарсымын» деген бағанды таңдағаны жалпы мәлімет беріледі. **Кандидаттар сайлаушылардың қанша пайыз дауысын жинауы керек?** Депутаттар жалпыға бірдей, төрт және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Сайлаушылардың 50 пайызынан астамының дауысын жинауы керек. **Партиялардың мәжіліске өтуіне қажет дауыстың төменгі шегі 7 пайыздан 5 пайызға төмендетілді.** Сайлаушылар дауысының кемінде бес пайызын жинаған партиялар парламентте мандат ала алады. Заң бойынша мандаттардың тарату кезегін партияның басқарушы органы сайлауға ұсынған партиялық тізім бойынша анықтайды. Оған 10 күн беріледі. Белгіленген уақыт ішінде мандаттарды тарату кезегі анықталмаса, Орталық сайлау комиссиясы мандаттарды тізімдегі алфавит тәртібін тартады. **Өйелдер, жастар және мүгедектерді бар адамдар үшін қарастырылған 30 пайыздық квота партиялық тізім мен мандаттардың бөлінісі кезінде сақталады.**

«Ғаламның сұлулары татымайды, Анамның күліп тұрған бейнесіне...» деген Ержеңіс Әбдіұлының өлеңінде айтылғандай, ананың мына ғаламдағы мән-маңызы жоғары. Біз қанша есейсек те, азамат болып атқа қонсақ та, аналарымыздың алдында сабымыз. Иә, рас, кеше туған нәрестеміз. Бүгінгі мереке қарсаңында «Лебіз» бөті асыл аналарымызға, аяулы әпкелеріміз бен қарындастарымызға, сұлу жарларымызға арналады.

АНА – ҚАНДАЙ АА

МЕРЕКЕЛЕРІЗБЕН, АРУЛАР, АСЫЛ ЖАНДАР!

Бүкіл өмірім балаларына арнап, өмірлік серігіне адал жар, ардақты ана бола білген, бүгінде қызын-қияға, ұлын-уаға қондырып, немерелеріңіз сүйікті Әжесі болып отырған асыл анамыз, Сізді бүгінгі көктемнің шұғылына күнінде келіп жеткен 8 наурыз мерекеніңбен шын жүректен құттықтаймын! Ардақты ана, сізге қажымас қайрат, зор денсаулық тілей отырып, айналаңызға шұғылдық шашып ұзақ өмір сүріңіз демекші!

Халық арасында «Ананды Мекеге үш рет арқалап апарсан да қарызыңнан құтыла алмайсың» деген сөз бар. Сізге қашан да қарыздармыз.

Жүрегімді жарып шыққан бар ігі тілектерім өмірдегі ең қымбатты да ардақты жан ана, өзіңе арналады. Бізді өмірге әкеліп, ақ сүт беріп, аялап өсіріп, тұмсықтыға шоқтырғаны, осы күнге жеткізгенің үшін алдында мәңгі қарыздармыз. Мейірім мен махаббаттан жаралған кең жүрегіңнен, қызуы тұла бойымызды жылытқан ыстық алақаныңыздан, айналайған деп маңдайымыздан өміріңе сүйіп, еркелеткен үніңнен артық біз үшін ешнәрсе жоқ.

Анашым, жүзіңнен шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп жүре беріңіз.

Аяулы, сүйікті, қамқоршым – Асыл Анам, Сіз болмағанда жарық дүниенің қадірін, махаббаттың лаззатын, мейірім-шапағатын терең сезінбес ем. Қашанда жаныңызға жақсылық нәсіп болғай, Маматай! Той басқаруға барсақ, Бағланның мамасы сол тойда болса екен деп тілеп баратын болдық деп те айтқан асаба достарым болды. Себебі, менің анамның тойда ысқырып, тойдың сөнін келтіріп жүретінін қаламыздағы біраз асаба достарым біледі. Әулетіміздің басышысы болып, тойдың сәні болып, тойда шыққырып жадырап жүре беріңіз. Анашым! Анамызды жыл сайын көктемнің алғашқы күндерінде құттықтап, ерекше қуанту біздің отбасымыздың дәстүріне айналған десек

қателеспеймін. Себебі, наурыз айының 4-і күні анамыздың туған күні! Осыдан екі күн бұрын ғана анамызды жылдағы дәстүр бойынша тосын сый жасап қуанттық. Аналарымызға қандай да құрмет көрсету ешқашан артық етпейді деп білемін! Сонымен қатар, анамызға кішкентай нәрседен бастап мән



берген дұрыс деп ойлаймын. Мысалы, мен анамды телефонна «Анашым-Жұмағым» деп сақтап қойғанмын. Оның өзі анаға деген құрметті білдіреді деп есептеймін. Сондықтан ер перзент өз анасына деген құрметті кішкентай нәрседен бастауы керек деп ойлаймын. Осы орайда, барша аналарды 8 наурыз мерекесімен құттықтаймын келеді. Әр саби, өз Анасына деген сөзімі, құрметі жоғары болсын деген тілек

білдіргім келеді. Қамқоршы, ақылшы, өмірдің бұла күші, көңілдің қуанышы, сезімнің жыр ағысы – аяулы ана, біз бала күнімізде бізді осындай күнге жеткіздіңіздер, ендігі кезек бізде деп есептеймін. Барлық ана бақытты өмір кешіңіз!

Бағлан ҚАЛИЕВ

АНАМ МАҒАН КЕШІРІМ СҰРАУДЫ ҮЙРЕТТІ

Жасаған қателігін үшін кешірім сұрауға міндеттісің. Өйткені, қазаққа «Қолыңмен жасағанды, мойнымен кетер» деген бар. Бала күнімде бала болып қызық қуып, ойнал отқар мен анамның айтқан тілін алмай, сотқарлық таныттым. Ал сабаққа барар сәтте ол мені үйге кіргізбеді. «Алдымен кешірім сұра, сонан соң кіргіземін» дегені есімде. Кешірім сұраудың не екенін оған дейін білмелпін. Анам сонда маған «Балам, мені ғана емес, қандай да бір адам баласын ренжітсең, кешірім сұрап үйрен» деді. Содан бері кешірім сұраудың, өзіңнің қателігіңді түсініп, түзеуге тырысқаның үлкен ерлікті, бағылдықты қажет ететінін білдім.

Иә, анам мені мына өмірдің мектебінен сүрінбей жүрімі үшін үлкен сабақ берді. Әкем ерте қайтқан соң, анам мені және үш бірдей бауырымызды үп еткен желден қорғап, тұмсықтыға шоқтырмай,

қанаттыға қақтырмай өсірді. Әке де, ана да болды. Қатал тағдыр оның бетіне әжімді, шашына ақты ерте түсірді. Ол біз үшін өзінің жастық шағын, бүкіл өмірін бей-нетпепен өткізді. Анам – өмірлік ұстазым. Ол қай уақытта да ақылын айтып, бағыт беруден жалыққан емес. Қандай да бір сәтте қабақ шытып, көңіліңе қаяу түсірсем, өкпелетіп, ренжітсем, кешіргейсің, асыл анам!

Мереке қарсаңында менің анам тәрізді ғаламға шауғын шашқан әрбір ананы, қызғалдақ қыздарды, аяулы аруларды құттықтаймын. Мына ғаламды көркем ететін, сәбилерді еркелететін өздеріңіз. Сіздердің шұғылалы шуақтарыңызға шомылып, мейірім мен махаббатқа бөленген сәтте ғана мына әлем нурлы болады. Өрқашан бақ-ғұмырлы болыңыздар! Сіздерсіз өмірдің мәні де, сәні де болмайды. Дүние тұрғанша тұрыңыздар!

Дәулет ҚЫРДАН

ЖҰМАҚ – АНАНЫҢ ТАБАНЫНЫҢ АСТЫНДА

Кей-кейде өз м әке болсам да, анамның

алдына барып еркелеп жатып аламын. Өйткені, анамның мейірімін мен махаббаты шексіз. Мына қым-қуыт тірліктен қажып, шаршап кеткен сәттерде «Сәби болғым келеді» деп анамның алдына жантая кетемін. Өйткені, мен үшін анамнан артық адам жоқ. Бәлкім, сәрт көзге деп-дәу баланың еркелеп жатқаны ерсі шығар, бірақ мен есейіп кетсем де, анама



сәбимін. Сол саби қалпымда қаламын. Алдағы уақыттарда да заңғар көкті еңсеріп, биік шыңдарды бағындыра алсам, арманымның асқар шыңына жетіп жатсам – мені өмірге әкелген асыл жаным, анамның арқасы деп білемін.

Ардақты аналар, қадірлі қыз-келіншектер! Осы мүмкіндікті пайдаланып, сіздерді шұғылалы көктемнің шуақты мерекесі 8 наурыз – халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әйел-Ана қашан да – әдеміліктің символы! Жер бетіндегі жақсылық пен ізгілік, қайырымдылық пен мейірімділік ұғымдарының барлығы ана атауымен тығыз байланысты. Сондықтан да көктемнің осы бір тамаша мерекесі әйелге тән әсемдік пен нәзіктің мәңгі белгісі сияқты көрінеді.

Керікті көктемнің көркем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш сыйлап, жүздеріңізден күлкі кетпесін, аяулы арулар!

Өрқашан шаңырақтарыңыз шаттыққа толып, қуаныштан арылмасын! Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, обтастарыңызға амандық тілемінім! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Бахтияр АЛМУСАЕВ

МЕН ҮШІН АЛАНДАЙДЫ АЛТЫН АНАМ...

1991 жыл еді... Мен екі жаста болғанмын. Сарысуға көшкен «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деген бір қауым елдің ішінде менің де ата-анам болатын. Біз бала болып, бірге барамыз. Мен әлі ес білмегенмін. Олардың көңіл-жан-жақса бөлініп кеткен сәтте мен бала болып, жайылымға шыққан жылқылардың соңынан ере беріппін. Сол күні тоқтаусыз жаңбыр жауады. Далаңың қожайыны қасқыр да ұлымаған түн болған екен. Ауылдан бір автобус адам келеді, қаладан тікұшақпен құтқарушылар да жұмылады. Сол жерге көшіп барған бүкіл малшылар қосылады. Осылайша араларына 5 метр салып,

ұйықтамай іздейді. Сөйтіп, ауылдағы Айдар көкем бірінші болып көреді. Ол мені өліп қалды деп ойлап, тұрып қалады ғой. Сол сәтте үлкен бөсейіма шыбын қона қалса керек, бөсейімнің жыбырлағанын көргенде жүрегі жарылардай қуанып, дереу көтеріп алыпты. Содан не туған анама, не әкеме бармай, Айдар көкемді құшақтаған күйі жабысып қалыптын. Содан 10 шақырым

Айдар көкем өзі денелі, мені құшақтаған күйі қонысқа келіпті. Мектеп бітіргенше мен Айдар көкемнің қолында өстім. Аяым анамның тәрбиесін алдым. Келін түсіргенде де әуелі осы шаңырақтың табалдырына аттадық. Иә, осылайша, мені бір жоғалтып қайта тапқан ата-анам мен үшін қашан да ыстық. Анамның қалай алаңдағанын тілмен айтып жеткізе алмаймын. Иә, осылай



анамның әрбір сөзі менің алаң көңілің сөземін, білемін және құрметтеймін.

Анашым, алтыным, жәннатым, мына ғаламдағы ең қымбатым өзіңіз. Қай сәтте де биік шыңға жетелеген сіздің сеніміңіз, үкілі үмітіңіз. Азамат болып атқа қонып, биік шыңға шыққан әрбір сәтінде көңілге қуаныш сыйлап, жанымды жадыратқан да, айбынымды асырған да өзіңіз. Мына жарық ғаламды сыйлап, адамдық асыл қасиеттерді бойыма сіңіргеніңіз үшін қымылсыз. Берген тәлім-тәрбиенің бен бағыт-бағдарыңыз мен үшін қымбат. Өлі де сіздің артық сенім мен үмітті ақтау жолында табандылықпен еңбек ете аламын!

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, мына ғаламдағы әрбір ананы, аруларымыз бен әпкелерімізді, қарындастарымызды мерейлі мерекемен құттықтаймын. Өмірлеріңіз ғажал бақ болсын!

Ғани ӘБДІБЕКҰЛЫ

ШЕШЕНІ БАЛА ДЕСЕ ШЫҒАР ЖАНЫ...

Ауылда асау тайдай аунан-қунап өстік. Үлкен апамыздың тәлімін көп алдық. Оның қатал тәрбиесінен талай жан тайсалатын. Түсте шетіміден жатқызып, ұйықтардан деп қамап тастайды. Ал біз терезеден қашып шығамыз. Ауыл сыртындағы қаналға барып суға түсеміз, қуыспақ ойнаймыз. Осылай ойын қуып келген уақыттарда алдымыздан үлкен апамыз шығып, «Суға түстіңдер ме?» дейді, ал біз мойындамаймыз. Аламның тәрбиесін білеміз, қолынан шыбығы түспейтін. Адам болсаң, тузу жолда жүрің дегені ғой. Келіп, қолымызды тырнап келгенде қолымызға із түсіп, суға түскеніміз білініп, бір шапалақ қабылдайтын ек... Ал шешеміз енесінің алдында шыр-пыр болып жүгіре алмайды, баласы үшін жаны шығып тұрады ғой. Кейін бізге «Балалар, енді суға түссендер, апаларыңның көзіне көрінбей, әуелі маған келіңдер» деді. Осылай анамызға барсақ, ол бізді тұрғы суға түсіріп, көлге түскенімізді білдірсе, сабыңдап, шайыңдырып, шығаратын. Мұнымен айтып келгені, ана балаға деген махаббаты мен мейірімін қашан да бағыттап, сол шұғылмен өсіреді.

Әкем, анам және мен тауға барамыз. Әкем ауылдан шыға бере көк уақтың рулн береді. Ал шешем бәйек болып, болашағымызды ойлап, шыр-пыр болады. Мұндағы әкемізді ер баланы ер етіп тәрбиелеу, анамдікі – баласын қауіптен сақтау ғой. Тағы бір еске түскені, қара сора есімдігі туралы үй тапсырмасы болатын. Сол мәтінді жаттай алмай біраз әбігерге түскенім бар. Әкем ашуланып, даладан шөпті жұлып әкеліп, шөптен сабап, оның тікені тиген жерін ашытқан соң жан тәтті ғой, демең жатпап алғаным есімде. Иә, олардың осы тәрбиесі мен үшін өмір мектебі. Олар мені адам болсын деп тәрбиеледі. Иә, анамның мен үшін орны бөлек. Бізге үп еткен желдің салшынын тигізбей, бар тәттіні алдымызға тосып, ешкімінен кем қылмай, әкем екеуі жеткізді.

Аулы ана! Мерейлі мереке тұсында сізді және барша аналарды құттықтаймын. Ғаламдағы барлық жақсылықты тілеймін. Көңілдеріңізге қауа түспесін. Жадыраған қалыпттарыңызбен әрқашан өлеңім күні болып, сәуле шашып жүре бергейсіздер!

Нұрсұлтан ЫДЫРЫС

Бетті дайындаған Аян СПАНДИЯР



Қыздарды гүлге төңеп, нәзік жаратылыс екенін мойындағанмен, саусақтары сүйріктей, мың бұрала майысқан әйел заты өлемді таңдандырар сан түрлі жаңалықтарды жасауға қауқарлы. Оған айналымда жүрген түрлі кәсіп иелері куә.

Бүгінгі кейіпкеріміз Жадыра Жағыпарова – кәсіби агроном, «Күрші институтының» ғылыми қызметкері. 1998 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданы, Шаған ауылында дүниеге келген ару 2016 жылы арман қуып Петропавл қаласындағы «Ж.Қизатов атындағы Есіл ауыл шаруашылығы» колледжінде «Серпін» бағдарламасымен оқуға түскен. Колледж қабырғасында жүрген кезден-ақ практика барысында, егіс басында болғанда мамандығын одан сайын жақсы көре түскен Жадыра осы бір құштарлықтың себебімен ары қарай кәсіби жоғары білім алғанын айтады. «Колледждегі практика барысында сөбіз, картоптан белек, жылыжайда бақша дақылдарын өсіру мен ең алғаш рет егіс даласында қырықабатты қолмен үзіп жинау маған ерекше әсер қалдырды. Оңтүстіктен барып, солтүстікке үйрену басында қиын болған еді. Кейіннен бұрын өзіміз егіп көрмеген дақылдарды егіп, оларды жинау барысында мамандығыма барыңша тереңінен үніле бастадым. 2 жыл 6 ай ішінде оқуымды жақсы тәмамдап, қызыл

БІР ҚАП КҮРШТЕ БІР ЖЫЛДЫҚ ЕҢБЕК БАР

дипломмен бітіріп келдім. Өзім елге оралып, қаладағы «Күрші институты» ғылым зерттеу орталығында жұмыс істегім келген. Алайда орталыққа орта біліммен жұмысқа алмайтынын түсіндім. Сол себепті ЖОО-на жалпы грантпен тест талсырып, 2019 жылы «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне» оқуға түстім. Колледж дипломы бар болған соң мені бірден 2 курстан бастап қабылдады да, аталған білім ордасынан жоғары кәсіби білім мен тәжірибені жинай алдым. Практикадан өту барысында бидайдың көптеген сорттарын қолмен егуге атсалыстым. Оның барлығы – мен үшін үлкен тәжірибе», – дейді Жадыра Әбдікерімқызы. Осылайша сүйікті ісімен айналысу үшін мақсат қоя білген ару өткен жылы жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітіріп, қазіргі таңда өзі қалаған жұмыс орны – «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ ЖШС-нің» күріш және күріш аыспалы егіс дақылдары селекциясы бөлімінде аға лаборант болып жұмыс істейді.

Жұмыс барысында әріптестерінің жартысынан көбінде магистр, докторлық дәреже бар. Мен де біліктілігімді арттыру үшін өткен жылы желтоқсанда магистратураға дайындалып, тест тапсырып көрдім де, «Қорық Ата атындағы Қызылорда университетіне» грантка түстім. ҒЗО-дағы басшылықтың ұсынысымен қазіргі таңда осы салада кіші ғылыми қызметкермін. Енді осы жауапкершілікті сезініп, агрономияда тәжірибесі мол әріптес ағай-апайларым секілді күріштің жаса сортын шығару – арманым, – дейді агроном. Оның осы салаға келуіне бірден бір себепкер – әкесі Әбдікерім Серікбаев екен. Қазіргі таңда «Шаған жер» ЖШС-да директордың

орынбасары қызметін атқаратын тәжірибелі маман осы уақытқа дейін бригадир, агроном қызметінде 40 жылға жуық жұмыс атқарып келеді. «Әкемнің таң атқанда егіс басына кетіп, кеш батқанда келетінін көріп өстім. Маңдай тер мен тынымсыз еңбекті қажет ететін қиын мамандықтың бірі екенін білемін. Соған қарамастан осы мамандықты таңдағанда әкем «Осындай жауапкершілігі мол мамандықты таңдадың ба, енді ыстық-суығына шыдау керек» деген еді. Бір оқиға есіме түсіп отыр. Жұмысқа тұрдым деп қуанып жүрген кезім. Алайда егін науқаны жүріп жатқан тамыз айында келген соң мені егіс даласына жіберді. Тапсырма бойынша жоңышқа мен түйежоңышқаны жинау керек. Ол кезде ауылдан қатынбайты болған соң, қайда келдім, не істеп жүрмін деп ойлаған, қиналған сәттер болды. Сол кезде әкемнің «Жұмысқа тұра сала жұмсақ қреслоға отырамын деп ойласаң, қателесесің. Олай болмайды, қызым. Жетістікке қол жеткізу үшін кішкентай қадамдарды жасау керек. Алдымен кішісінен, қарапайымнан бастауың қажет. Қазір қиналарсың, бірақ кейін жемісін көргенде қуанасың» дегені әлі есімде. Әкемнен де, ҒЗО-дағы ұстаздарымнан да аларым, үйренерім әлі көп. Бірге ақылдасып, барлығын ашық талқылай аламыз. Осы мамандықта жұмыс істеп жатқанымға өте қуаныштымын. Әріптестерім де бір-бір зерттеу еңбектің, күріш сорттарының авторлары болғанмен, қарапайым жандар. Оларға ерекше алғысымды білдіремін», – дейді Жадыра Әбдікерімқызы.

Иә, өңірміз – аграрлы аймақ ретінде күріш өндірісі бойынша басты орында тұр. Алайда біз нәтижеге ғана көреміз. Дүкендегі бір қап тазартылған өзіміздің өнімнің артында агрономның аптап ыстықтағы маңдай тері мен ғылыми зерттеу, бірнеше түрді бұдандастыру арқылы жаңа элита сорттағы күрішті шығару жолындағы ізденісі тұрғанына иен бермейміз. Қаншама құралының күші, далалықта азыннан кешке дейін жүретін күрішшілердің еңбегі бар. Мақтау сөз күтпей, атақ арқаламай-ақ тұрғындарды сапалы өніммен қамтамасыз ететін де солар. Мүмкін, өмірден өз миссиясын тауып, антына, арманына адал болу деген осы шығар. ?

Дина БӨКЕБАЙ

Темір-жол сала-сында жұмыс істеу – екінші бірі еңсере бермейтін жүк. Ұйқысыз түн, ауыр міндет, қатаң талап. Содан болар, көпшілік аталған бағытқа беттей бермейді. Қызығы сол, соңғы жылдары мұндай қиын қызметті еңсереген нәзікжандылар саны артууда. Әсіресе, жолсерік мамандығына қызығушы көп. Жолаушының диттеген жеріне жетуіне септесіп, бар жағдайды жасауға міндеттелген мамандар арасында арулардың саны басым. Мерекеге орай Қызылорда теміржол вокзалының қызметкері Камила Кенжебекова мен тілдескен едік.

– Салада қызмет еткеніме 6 жылдан асты. Вокзалға жолаушылар кіргеннен бастап пойызға отырғанға дейін қызмет көрсетіп, аман жетуіне септігімді тиізіуге тырысамын. Негізі міндетіммен қатар хабарлаушы қызметін атқарамын. Яғни, пойыздың қай жолға келіп тоқтағанын, қай уақытта жүретінін хабарлаушымын, – деді Камила Қозыбайқызы. Қазіргі таңда теміржол саласында билет кассасы қызметкері, пойыз жолсерігі,

ЖОЛЫҢ БОЛСЫҢ, ЖОЛСЕРІК!



станция кезекшісі, пойыз диспетчері, электроме-ханиктер арасында әйелдер жетерлік. Саланың экономикалық шешім қабылдаумен қатар кадр мәселесі де әсер ететін ескерсек, бұл оң құбылыс секілді. Салаға қыз-келіншектердің келуі ұқыптылықтың артуына, тәртіптің беки түсуіне себепші. – Әр саланың кемшілігі мен артықшылығы бар. Біз үшін ең басты жүк – жауапкершілік. Жолаушылардың қауіпсіздігін қадағалау басты міндетке айналған. Оның үстіне күн-түні станцияда жолаушыларды орналастыру үшін қырағылық қажет. Осының біліктілігі талап ететіні айтпаса да түсінікті. Алайда, бұл саладан аспақтауға сәт емес. Аталған жұмыс түрлі адаммен байланыс орнату, қоғамдық өзгеріске куә болу, адамдардың қарым-қатынасы мен мінез-құлқың ө дегеннен аңдауға бейімдейді.

Темір-жолшы маманды-ғының өзгеде ерекшелігі осы. Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иеген құл болмайды» дегеніндей, теміржолда темірдей тәртіп қалыптасқан. Өйткені, теміржолшы қысы-жазы ауа райының тосын мінезге қарамай, халықтың жүгін арқалауда ерекше манызға ие, – дейді ол. Вокзалға барсақ, қай пойыз келетінін, қай бағытқа тоқтайтынын хабардар боламыз. Бұл – Камиланың тікелей міндеті. Ол адамдарды сақтықпен шақырып, станцияда абай болуды үндейді. Осындай қызметті абыроймен атқарып, елге қызмет көрсетіп жүрген нәзік-жандылардың еңбегі ерен.

М.САБЫРЖАН

– Құралай Абайқызы, көпшілік полиция қызметкері болу – көбіне ер адамдарға лайықты жұмыс деп түсінетіні жасырын емес. Бұл мамандықты таңдауыңызға не себеп болды? Еңбек жолыңызды қысқаша айта өтсеңіз... – Тәртіп сақтау, құқық қорғау – әрбір азамат міндеті. Мен де осы үдеден шығу үшін бала күннен ескері қызметкер болуды армандадым. Арман жетегіммен құқықтану мамандығы бойынша жоғары білім алып, салада қызмет етуге мүмкіндік туды. Осылайша, 2013 жылдан бері құқық қорғау саласында еңбек етемін. Қазіргі таңда Қызылорда облысы мамандандырылған күзет қызметі басқармасында қызмет атқарамын. Әрине, нәзікжанды болғасын, қызмет барысындағы қатал тәртіп оңайға

соқпайды. Оның үстіне отбасының ұйытқысы болу, жұмысты қатар игеру оңай шаруа емес. Десе де өмірлік таңдау мен құлшыныс алға сүйреп, ауыр жүкті еңсеруге дем беруде. Жемісті нәтиже көрсетуіме отбасымның да үлесі зор. Тұрмыс құрғаным, бір қыз тәрбиелеп отырмын. – Жұмысыңызда атқаратын функционалдық міндетіңіз қандай? – Функционалдық міндетіме мемлекеттік маңызы бар объектілерді қорғау, құқықтық, әкімшілік заңсыздықтың алдын алу жатады. Қызығы мол қызметте маман бойынан қырағылық, Отансүйгіштік секілді қасиеттің болуы шарт. Онсыз атқарған жұмыс, артылған міндет толық өтелмейді деп есептеймін. Себебі нәтижелі жұмыс жетістікке жетелейді. Саладағы еңбек ескеріліп, жақында Ішкі істер министрінің

бұйрығымен «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбел-гісімен мара-патталдым. – Сіз-дің ойы-ңызша, үлгілі полиция қызметкері қандай болуы тиіс? – Полиция қызметі – халық сенімінің

айнасы. Президент Жолдауында: «Ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі жол картасын» қабылдау туралы тап-

Мерейлі мереке – қыз-келіншектерді құттықтаудың орайлы сәті. Шен мен лауазым, сала мен қызметке қарамастан әрбір ару мейірілі сөз, жылы лебіз өстиді. Қуанышын еселейді. Осы орайда құқық қорғау саласында еңбек етіп жүрген погондағы ару Құралай Базарбаевамен сұхбаттасып, мерекелік көңіл-күй мен қызметтік ерекшелік туралы білудің сәті туды.

сыр-ма беріліп, бір-шама міндет-тер жүктелді. Бұл біздің жауапкершілікті күшейтіп отыр. Тәртіп үшін заңан мәртебелі ештеңе жоқ. Полиция қызметкерлері қызмет бабында салғырттық танытпауы тиіс. Ең бастысы, үлгілі

полиция туыстықтан гөрі тұрашылдықта бет бұратын қызметкер болу қажет. Оған қоса үлгілі полицей өзінен бастағаны дұрыс секілді. Жауапкершілікті арттырып, Отан алдындағы антына берік болып, қысыптаяң шақта тәзім таныта білсе, ең үлгілі қызметкерге айналатынымыз анық. – Мерекелік лебізіңіз... – Қымбатты Сыр арулары, нәзікжандылар қауымы! Баршаңызға ерқашан көктемнің қырмызы гүліндей құлпырып, әсемдік пен әдеміліктің іесі болып, бақытты да баянды гүмбір кешуді тілеймін. Сіздер барда сөбілеріміздің жүзінен күлкі кетпей, ер-азаматтарымыз еңесін тік көтеріп жүре берсін! Шаңырақтарыңызға шадиман шаттық, бақ-береке орасың.

Өңгімелескен Бәрен ШАҒЫРОВА



«ТӘРТІПТІҢ НӘТІЖЕСІНЕН БАСТАУ КЕРЕК»



демушлілігімен облыс орталығында «Анаға тағзым» орталығының құрылысы салынууда. Көпбалалы отбасыларға көрсетілетін көмек мөлшері де жыл өткен сайын ұлғайтып келеді. Ана мен бала орталығы ұжымының әр әйелдің ана бақытын сезінуіне қосқан үлесі әлшеуіс деп білемін. Жарық дүние есігін ашқан әр нәресте мен оның анасына қамқорлықтарыңызды аямай, қызмет көрсетпелесіздер.

реанимациялау бөлімшесі, перзентхана блогының және қарқынды терапия бөлімінің жұмысымен танысты. Еске салсақ, 320 орындық Ана мен бала орталығы 2014 жылы пайдалануға берілген. Мұнда 713 қызметкер еңбек етуде. Өткен жылы мекеменің артық жүктемесін төмендету үшін жүктіліктің физиологиялық ағымы бар әйелдерді емдеуге арналған 50 төсектік қосымша ғимарат ашылды. Алдағы уақытта Қызылорда қаласында 200 төсектік перинаталдық орталықтың жаңа ғимаратын салу жоспарлануда. Ана мен бала денсаулығын жақсарту мақсатында облыстық перинаталдық орталық базасында кеңес беру-диагностикалық бөлімі ашылды.

Өрі қарай аймақ басшысы облыс орталығындағы таныған емдеу мекемелерінің бірі – «Persona Medical» клиникасына барды. Клиника 2017 жылдан бастап қызмет атқарып келеді, ауысымда 150 келушіге қызмет көрсетуге арналған. Мұнда 50 дәрігер жұмыс жасайды, олардың 90 процентінің жұмыс етілі 25 жылдан асады. Бүгінгі таңда 12 860-тан астам бала осы клиникада кеңес алып, ем қабылдаған. Облыс өкімі мекемедің ультрадыбыстық зерттеу, стоматология және арнайы мамандардың қызметімен танысты. Ұжымдағы қыз-келіншектерге ізгі тілегін білдіріп, клиника жұмысына сәттілік тіледі.

АНАЛАР АРДАҚТАЛДЫ

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Ана мен бала орталығы және «Persona Medical» клиникасының қызметімен танысып, осы ұжымдарда қызмет ететін қыз-келіншектерді мерекелеп құттықтады.

«Елімізде Президент тапсырмасымен ана мен баланың денсаулығын жақсарту үшін бірқатар жұмыстар атқарылууда. Көсікер

Сіздердің кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында әр отбасы іңгалаған сабиі үнімен тербеліп, бақытқа кенелуде. Барлығыңызды көктемнің көркем мерекесімен құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Әр үйдің базары – балаларымыздың болашағы жарқын болсын, аналарымыздың денсаулығы зор болсын!», – деді құттықтау сөзінде Нұрлыбек Машбекұлы. Мекеме ұжымымен сұхбаттасу кезінде аймақ басшысы жаңа туған сәбиінің атын қояды сұраған ана тілегін орындап, Алаш ардақтысы, ақын Маржан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай балаға Маржан деген есім берді. Облыс өкімі орталықтағы жаңа туған нәрестелерді

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде профессор, филология ғылымдарының кандидаты Ұлжан Жанбердиева атындағы «Қазақ әдебиетінің тарихы» дәріханасы ашылды.

Салтанатты жиында Басқарма мүшесі-стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор Нұрлан Оразбаев ғылымның ғылым мен білім саласына қосқан еңбегіне тоқталды. «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ғылым мен білім саласының дамуына зор үлес қосқан ғалымдардың есімін ұлықтауды дәстүрге айналдырды. Бұл – кейінгі үш жылда демеушілер қаржысы есебінен қайта жаратылған он бесінші дәріхана.

аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, профессор қызметтерін атқарып келеді. Ғалымның 12 оқу-әдістемелік құралы, 2 монографиясы, 4 әдебиет-зерттеу еңбегі мен 250-ден астам ғылыми мақаласы жарық көрген. Саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеп, сапалы кадр дайындауға арнаған ұстаз «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалімен», «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» және «ҚР-ның Ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі

ағарту саласындағы еңбегі орасан зор», – деді «Ұлттық кино мен өнерді қолдау орталығы» Акционерлік қоғамы төрағасының орынбасары Абзал Мұхимов. Айта кетейік, тусәуесер салтанатында пента кино рәсімі техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Алдабергеноұлы мен экономика ғылымдарының

ПРОФЕССОРҒА ҚҰРМЕТ

Профессор атындағы дәріхана бұдан былай университет білім алушыларының сапалы білім алуына қызмет ететін болады», – деді Басқарма мүшесі-стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор Нұрлан Оразбаев. Жиында Ұлжан Нахатқызына Ғылым және жоғары білім министрілігінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы алтын медалі» табысталды. Профессор 1983 жылдан бастап бүгінге дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қазақ тілі мен әдебиет кафедрасында ассистент, оқытушы,



ұшын төсбелгісімен марапатталған. «Ұлжан Нахатқызы – ұлттық интеллигенцияның біраз өкілін дайындаған ұстаздар қауымының бірі және өкілі. Бізге әрі жетекші, әрі анамыз ретінде жол көрсетті. Ұстазымыздың

кандидаты, профессор Қазыбай Құдайбергеноұлына берілді. Жиынға зиялы қауым өкілдері, ардагер ұстаздар, профессор-оқытушылар мен білімталушылар, ғылымның шәкірттері мен замандастары қатысты.

Қазіргі жаһандану заманындағы ғаламтор, көгілдір экран мен алуан түрлі фильм балалардың назарын жаулап алды. Ата-аналардың көбісі жұмыстан босамай, жеткілікті көңіл бөлмейді. Соның есерінен балалар көп уақытын далада ойналған гәрі мультфильм қараумен өткізетіні белгілі. Тіпті, кейбір ата-аналар «тыныш отырса болды» деп таңнан көшке дейін теледидар қарауға мүмкіндік жасайды. Ал фильмдердің баланың жүйке-жүйесіне зиянын тигізетінін білеміз бе?

Емірге келген сәттен бастап саби кез келген әрекетті, дыбыстарды, естіген-көргендерін, барлығын да толықтай санасына сіңіріп еседі. Олардың сана-сезімі енді ғана қалыптасу үстінде болғандықтан мультфильм кейіпкерлерінің іс-әрекетін бірден қабылдайды. Жанымызды жылға бөлеп, езуімізге күлкі сыйлаған «Ну, погоди!», «Простоквашинолық үшеу», «Брекенне музыкалдары» сынды мультфильмдермен қоса бүгінге дейін сүйіп көретін «Ақсақ құлан», «Құйыршық», «Қаңбақ шал» сияқты мейрмінен құралған тәрбиелік мәнге толы

мультфильмдерді жіберіп алмас үшін экран алдына жүргіргеніміз жадымызда мәңгі сақталмақ. Ал бүгінгінің балалары «Қаңбақ шал», «Қырық өтірік», «Құйыршық», «Қожанасыр», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» сынды мультфильмдерге қызықпайды. Себебі, онда оқиға желісін автор түсініріп тұрады. Балалардың тамашалайтыны – бір-бірін қуып жолдағы көздерінен бірін қирататын «Том мен Джерри», әркіммен қақтығысып, ұрысып жүретін «Спанч Боб», бәрін қырып-жойтын «Кунг-фу

панда» және аяудың тілін алмайтын кішкентай қыз Маша. Кез келген мектеп оқушысынан сұрасаныз, Шрек пен Спанч Бобты, Дара мен Диегоны, Бэтмен мен Кайланы, темір адам Тоботты туысқаныңдай танып, жеті атасын жақта айтып-айтып сұдырады. Бұл мультфильмдерден балалар теріс тәрбие алып жүргені өтірік емес. Оқиға желісі шытырманға толы, кейіпкерлері ұрда-жық,

«Джеки Чан», «Айдаһарлар мен жауыздар» сыны бар, сапасы жоқ мультфильмдердің де мазмұны «зұлымдық» ауылынан алыс емес. Олар баланың досы емес, сол баяғы «батырлық» шығармалары. Бала экрандағы жақсы, жаман кейіпкерлердің қылықтары мен

соғады. Ал оның соңы тәуелділікке апарып соғуы мүмкін. Жоғарыда айтып өткен бұрынғы мультфильмдер – мәңгілік рухани мұра. Себебі, әрқайсысының желісінде қызықты тақырыпқа құралған аса кірпияздықпен бейнеленген халқымыздың салт-дәстүрі, тәлім-тәрбие

мультфильмдерді көріп өскеннің еш зияны жоқ. Алайда, мұндай жағдайдың жақсы жағы да шамалы. Сондықтан бала қандай да бір фильм немесе мультфильмдер көретін болса, мазмұнына мән беру қажет. Бірге көріп, сол мультфильмге талдау

ҚАЗАҚ МУЛЬФИЛЬМІ, ҚАЙДА БАРАСЫН?

іс-әрекеттерін айна-қатесіз қайталайды. Осылай өзін сол мультфильмнің батыр кейіпкерінедей санайды. Теледидар өмірін ақпаратқа бір бөлігі болып қалады. Ұлғейген сайын балаларды экраннан алыстауымыз да қиында

жатыр. Десек те бүгінгі технологияның күннен-күнге қарқынды дамып келе жатқан заманда отандық мультипликациялық туындылардың өткен ғасыр деңгейінде қалып, шетел туындыларына бәсекелестік жасауға қауқарсыз болғаны өкінішті. Бір қарағанда бүлдіршіндердің шетелдік


жүргізген абзал. Бала көргеннен сабақ алды ма? Еркінбей жіті қарағалаған дұрыс. Сонда қана қазақ анимациясы үлкен жетістікке жетіп, қайта жанданады. **Аида АЙТБАЕВА**, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 4-курс студенті

Нақты мақсатқа жету, білім алу, салауатты өмірсалтын ұстану, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр мүмкіндікті ұтымды пайдалану – мінез-құллықтың прагматизміне қол жеткізу. Реализм мен прагматизм онжылдықтардың ұраны болуы шарт деген. Батыста, ірі державаларда болып жатқан сайлау науқандары тіпті дамыған елдерде де жұртшылықтың бос демагогия мен популизмге қарсы иммунитетінің жоқтығын, «өтірік – қаңбақ, шын – салмақ» өкініш түсіне бермейтінін паш етті. Өлемде шын жүйріктердің емес, «тіл жүйріктердің» заманы туған ба дерсіз. Бұл халықаралық қоғамдастық көзігіп отырған кезекті «сын-қатер» болса керек.

Тәуелсіздікке қол жеткізу Қазақстанның сан ғасырлық тарихының дәуірлік оқиғасы болды. Осы құндылық негізінде ұлттық бірегейлікті сақтауды алға қою мемлекет үшін маңызды. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкілегін кеңейтуді басты назарға ұстай отырып, ұлттың болмыстың өкілін сақтап, оның бірқатар сипатын өзгерту көзделуде. Қазақ елі қазір өркеніетті елдермен иық теңестіруге, дамуың жаңа сатысына көтерілуге талпынууда. Дегенмен, жаһандық өзгерістерге сай болу үшін алдымен ұлттық ерекшелігімізді сақтай білу керек. Шын мәнінде көз ілеспес шалшаңдықпен дамып, рухани жаңғыруымыз қажет. Бұл арада рухани жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодмызды

сақтау. Мұны әрдайым есте ұстап, әлемдік өзгерістерге сай жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырамыз абзал. Ұлттық кодты сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету. Ұлттық болмыс қазақи салт-дәстүр, мәдениет, құндылықтарымыздан бастау алады десек орынды. Бүгін сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру жаңа ғасырдың жаңа ұрпақтың қалыптасуына деген сөз. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін сақтай отырып, келешек дамуға қол жеткізу назарда болуы керек. XXI ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес

орны бар ұлт болу үшін «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» секілді өміршен жобалар өзміздің дәлелі. Мұндай жоба адам тағдыры мен өмірбаяны арқылы заманауи Қазақстанның көпбетін ашықтайды. Тәуелсіздіктің нығайы, дамыған елге айналуымыз үшін батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеру, озық стратегиялар мен жақатану, концептуалды жобаларды ілгерілету маңызды. Ұлжалғас ТАЛПАҚОВА, И.Өбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің оқытушысы



«Ауданның атын аймақтарда, тіпті республикада танытып жүрген арқалы ақындарымыздың басын ауылда қосудың өзі – үлкен бір жетістік. Шын жүйріктер сыналатын доданың төріндегі әрбір қатысушының ақындық шеңберінде зор жетістіктері бар. Қазақтың лирик ақыны Мағжанның көркем жырларын өскелең ұрпақ санасында жаңғыртып, шығармашылығын насихаттау бағытындағы жұмыстар әлі де өз жалғасын табады» дейді Қоғалыкел ауылдық мәдениет үйінің директоры Д.Ибадуллаева.

Шара барысында ауылдың көркемнерпаздары ақын өлеңдерін оқып, Мағжан шығармашылығының шыңын танытты. Ал ақындар өз кезегінде бірінші кезең бойынша, ақына арнауын оқыса, екінші кезеңде еркін тақырыптағы өлеңдерімен ортаға шықты. Рухани шараға облыс деңгейінде танымал Мұхамеджан Мансуров, Елдос Жалпасбаев, Бақтөре Айтбаев, Құндыз Бажиева, Әсел Зұлпар, Тұмарлан Өмірбек, Баубек Әуесхан, Айнұр Нұрланқызы, Гүлзат Қалыбек, Нұрсұлтан Сүйіндіков және Ержан

ЖЫРДАН ШУАҚ ШАШҚАН КҮН

Мұхиятдинов қатысты. Қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені қоғалыкелдік Ержан Мұхиятдинов қанжығасына байласа, Тереңзек кентінен Мұхамеджан Мансуров I орынның биігін бағындырды. Ал Сәкен Сейфуллин ауылынан келген Бақтөре Айтбаев II орынды еншілеп, ақжармалық Өмірбек Темірлан үздік үштікті түйіндеді. Мұшәйраға қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды.



Мағжан Жұмабаевқа арнау

Білмейді ерлігіңнің бағасын кім?
 Ұлттыма менде сендей жанашырым.
 130-жасқа толып жатыр бүгін,
 Мағжандай марғасқасы Алашымның!

Жырымның сенсің баба себепкері,
 Басыңа нелер келіп, не кетпеді.
 Қолыңды жазықсыздан кісендеді,
 Жолыңды жәнсіз жабу керек деді!

Қып-қысқа ғұмырыңда сүріп өткен,
 Жолыңда қалды мұра жүріп өткен.
 Сұрқия саясаты ай Сталиннің,
 Қынадай қазағымды қырып өткен!

Ұлт үшін қызмет қылған қайраткер ең,
 Аспады заманыңнан айла өттеген.
 Қазағың егемендік алды қазір,
 Мәңгілік түсірмейтін байрақ төмен!

Жігерді асқақ, рухымды өр еткелі,
 Тәуелсіз ел болғалы көп өтпеді.
 Жалынды жырларыңда Жұмабаев,
 Мен жастарға сенемін демеп пе еді?

Сол жастар сен секілді құрбан болды,
 Көресін талай көрді.
 Тарих әлі кешіре қойған жоқ ау,
 Желтоқсанда жазықсыз ұрған қолды!

Біз жүрміз ойлап нені, тойлап нені,
 Ақиқатқа адамзат бойлап па еді?
 Сол кездегі солақай саясат та,
 Қазақтың қаймақтарын жоймап па еді?

Сіз сенген жастар қазір жоқтың қасы,
 Ұлт үшін ауырмайды көптің басы.
 Қыздарыңда қылық жоқ, ұлдарың да,
 Сырға тағып сұйылды оттың басы!

Азат боп айналсақ та еңселі елге,
 Баяғы сол саясат кей жерлерде.
 Сенген жастар қай бетін көрсетеді,
 Мағжан ақын тіріліп келсе егерде!

**Ержан МҰХИЯТДИНОВ,
Бас жүлде жеңімпазы**

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай Сырдария ауданында «Мен жастарға сенемін» атты аудандық жазба ақындар мұшайрасы өтті. Аламанның алдын бөрімен жүйріктер бақ сынасқан байқауда сөз өнерінің зергерлері бірінен-бірі озған жауһар жырдан шашу шашып, Қоғалыкел аспанын өлеңмен өрнектеді.

СЕГІЗІ БҮГІН НАУРЫЗДЫҢ

Қызылды көрсе, тамағы кенет бүлкілдеп,
 Қияда қыран қанатын қомдап сілкілдеп.
 Жүректе тербеп сезімің Нәзік тамырын,
 Бұралып басып қызғалдақ Ару үлгідеп,
 Барады, әне! Көшеде өлең теріп мен
 Көз ала алмай келемін әсем көріктен.
 Алға озып көткен уақытым Сынды бұрылып,
 Қиылып сен де қарадың, Қарғам нәліктен?
 Аққудың ерке елесі болып

Ай қабақ, Барасың қайда еркімді менің
 Байлап ап? Лүгілдеп мендей тұрма екен
 Өлде жүрегің, Арман-ау, шіркін,
 Көрсемші бір сөт аймалап.
 Іліп-ақ түсер лашыны едім
 Тау-құздың, Назарды қалай назына,
 Қалқам-ау, ауғыздың?
 Тілімде еріп барады жалғыз
 Балдай сөз: -Мерекеңбен!!!
 (Сегіз ертең наурыздың!)

Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ

ОЙЛАН, ЕРКЕК!

Әйел үшін – әлемдік барша жеңілі те, жеңіс те.
 Сиқырлы Ойларының бәрі – іште
 Артынан қарасаң, – Сайтан.
 Алдынан қарасаң, – Періште.
 Бос әуре – адамтандың әйел жайындағы барша болжамы.
 Жайнаған көзінен-ақ – түйсігінде тірі шам жанып!..
 Оны өзіңе ғашық ете алмасаң, – Жезтырнақ.

Ғашық ете алсаң, – Жан Жарың.
 Әйел!
 Күдігіңді де жандырып қояды білте етіп, құпия күлкісіңің майына!
 Ол неткен тыпсым?
 Қайдан дарыған бойына?!
 Сені «Жұмақтан қудырған» – Сол еді.
 Жұмаққа енгізетін де – Сол, қайыра!

Тыныштықбек ӘБДІКӨКІМҰЛЫ



ТҮҢДА МЕНІ ЖҮРЕКПЕН...

Ей, адамзат!
 Қара жерге гүл еккен,
 Қара орманды күл еткен!
 Түңда мені жүрекпен!

Түңда мені, сан жұрттар!
 Кең өлемде кеуделерде тарлық бар,
 Тұтастық бар, қалдық бар,
 Бар өлемде, қара жердің бетінде
 Соғыс жайлы жарлықтар.

Дүниеде ұзын қолды үстем бар,
 Шарасыз бір күштер бар,
 Махаббат бар, құрлықтар бар, түстер бар,
 Жанартау бар, жарылу бар, дүмпу бар.

Сенді үйлерде күнкіл бар.
 Аппай, аспай құрту бар.
 Адалдық бар, мейірім бар, зорлық бар,
 Қайратыңды қайнатады қорлықтар.
 Ұлылық бар, даналар бар, мұрат бар,
 Шың аталған қырат бар.

Бірақ соның бәрінен биік тұрған бір күш бар,
 Дидарына Жер де құштар, Күн құштар:
 Ол – нәзіктік,

Менгі шуақ, нұры – құт,
 Сарқылмайтын жылылық,
 Ол тірліктің қуаты –
 ӘЙЕЛ атты ҰЛЫЛЫҚ!

Фарица ОҢҒАРСЫНОВА



Әйел - сенің ақылшың

Сенікі ме, менікі ме сонау гүл,
 Арман үшін жүрміз жазып алау жыр.
 Жат біреуге бақыт болып туатын,
 Әйелдерді еркелеткен жән-ау бір.
 Әйелді ылғи еркелеткен ер оңар,
 Әйелдерсіз тірліміз не болар?
 «Қой» дейтуғын қожаң егер болмаса,
 Еркек байғұс азып-тозып жоғалар.

Әйел – сенің аспазың да күтушің,
 Әйел барда биіксің де бүтінсің,
 Әйел барда жалынсың – сен, отсың – сен,
 Әйел жоқта бықсыған сен түтінсің.

Әйел – сенің ақылшың да, айбарың,
 Ол барында естімейсің қайғы өнін.
 Әйел – сенің күзетшің де, сақшың да,
 Әйел – сенің мерекең де, мейрамың.

Әйел сені, сен әйелді сүйгенсің,
 Сен әйелден, әйел сенен сый көрсін.
 Өз елінің ұлы болам деген жұрт,
 Әйелдерге құл болуды үйренсін.

Әйел, әйел – арман өні, жол өні,
 Дүниенің кешкі қоныр самалы,
 Әйел сені құл қып алмай алдымен,
 Құдай құлып көтермейді жоғары.

Сыйла әйелді, жоғарыдан бер орын,
 Көтер оның мерейі мен беделін,
 Өз қызыңды сыйлағаның ол сенің,
 Өз ананды мәңгі құрметтегенің.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

«GRAND SLAM»-ДАҒЫ КҮМІС



Ташкентте өтіп жатқан дзюдодан әлемдік «Grand slam» бәсекесінде Қазақстан құрамасының қоржыны 2-ші жүлдемен толықты. 73 келіге дейінгі салмақта Азия чемпионы Данияр Шәмшәев күміске қол жеткізді.

Ақтық сында отандасымыз жергілікті спортшы Муроджон Юлдошевқа есе жіберді. Белдусу барысында Данияр нәтижелі әдіс жасағанымен төрешілер ұпайға сараңдық танытты. Кейін қарсыласын алып жығуға талпынған сәтті бірінде өзі қарымта шабуылға түсіп қалды. Дегенмен дзюдошымыз үшін күміс те олжа. Бірер апта бұрын Париждегі үлкен дулыға бәсекесінде қола медаль өңішпеген. Сондықтан Данияр жылды сәтті бастап отыр.

Алда бұдан да маңызды Азия ойындары мен әлем чемпионаты бар. Еске салайық, күні бұрын Ташкент төріндегі татамиде тағы бір отандасымыз Нұржан Серікбаев финалға дейін жетіп, ақтық сында жол берген еді. Алдағы күндері бірнеше дзюдошымыз «Grand slam» жүлдесіне таласып көреді.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ЖАРЫС ӨТТІ



Облыс орталығында Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің кубогі үшін қазақ күресінен сайыс ұйымдастырылды.

Жарысқа 24 команда қатысты. Барлығы 120 адам бозкілем үстінде күш сынасты. Сондай-ақ алғаш рет «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Барысы» атағы сарапқа салынды. Палуандардың белдесуі тартысты өткендігі айта кеткен жөн. Бір салмақ дәрежесіндегі жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубок, медальмен және ақшалай сертификатпен марапатталды.

ДОХАДА ДАРА ШЫҚТЫ Қатар астанасы – Дохада спорттық гимнастикадан Әлем кубогінің



екінші кезеңі өз мәресіне жетті.

Әлемнің ең мықты спортшылары бас қосқан жарыста жерлесіміз Нариман Құрбанов жеңімпаз атанды. 2022 жылы Азия чемпионатының күміс жүлдегері, 2019 жылы Универсиададағы жеңімпазы бұл сында өзінше The Kurbanov деп аталатын элементін сәтті орындап, 15,400 ұпаймен алтыннан алқа тақты. Екінші орынға былтырғы әлем чемпионы ирландиялық Рис Мак Кленанан тұрақтаса (15,033 ұпай), үздік үштікті тай-пөйкіл гимнаст Шяо Ю-Ян түйіндеді. Осы бағдарламаның финалында өнер көрсеткен тағы бір жерлесіміз Ильяс Азизов 14,100 ұпаймен 6-сағыға табан тіреді.

Нариман осыдан бір апта бұрын Германияның Котбус қаласында өткен Әлем кубогінің алғашқы кезеңінде Ат бағдарламасында 14,800 ұпай жинап, қола медальды мойнына ілген болатын.

Бетті дайындаған: Б.ШАҒЫРӨВ

БОКС – ҚЫЗ БАЛАҒА ДА ТӘН СПОРТ

Спорттағы қыз-көліңшектердің өмірі, кәсіби мансабы қоғам назарында өкөні даусыз. Олардың өзгегелерден ерек ынтасы, артық құлшынысы сала дамуына түрткі, елабыройның асқақтауына себеп болуда. Бүгінде кей нәзікжандылардың спорттағы жетістіктеріне қарап, олардың ер спортшылардан кем көрсеткіш көрсетпегенін аңғару қиын емес. Солардың қатарында қазалылық ару, бокстан Азия чемпионы Гүлсая Ержан да бар.

– Гүлсая Ғалымжанқызы, жуырда бокстан Азия чемпионы атандыңыз. Аталған сайысқа дайындық қалай жүрді?

– Әрбір сайыс шындейді, жетілдіреді. Бұл жолғы дода да бөлек тажірибе, тың өзгеріс сыйлады десем артық емес. Жарыс алдында жүйелі жаттығу бағдарламасына сүйеніп, Шымкент қаласында онкүндік оқу-жаттығудан өттім. Бәпкерлер кенесіне құлақ асу, бұрынғы бәсекелерден алған сабақ қателікті қайталамауға септігін тигізгені сөзсіз. Азия чемпионы басталған шақта қобалжу болған. Дегенмен сенімділік пен қайратты бойға жиып, ойды нақтылауға тырыстым. Нәтиже жаман емес, чемпиондық атаққа қол жеткіздім.

– Азия чемпионатындағы олжаның жалғыз жеңіс емесі белгілі. Өзге байқаудағы нәтиже қалай?

– Жарыс сайын жақсы көрсеткішпен елге оралуға тырысамын. Бұл талпыныс қаншалықты ақталғанын уақыт көрсете жатар. Дегенмен байрақты бәсекелерге қатысқанда олжалы келемін. Мәселен, өткен жылы қараша айында Иордания мемлекетінде өткен әйелдер арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері атандым. Ал 2021-



2022 жылы әйелдер арасында бокстан Қазақстан чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері болдым. 2019 жылы Моңғолия елінде өтен жастар арасындағы Азия чемпионатының күміс иеленген едім.

– Боксты таңдауыңызға не түрткі болды?

– Мүмкін, кей спортшы уақыт өте қызғытып, спортқа ден қоюы ықтимал. Алайда мен бала кезімнен өмірімді бокспен байланыстырғанмын. 5 жасымнан спортқа алғашқы қадам жасап, дайындық бастадым. Алдыма арман-мақсат қойып, қандай нәтижеге қол жеткізім келетінін нақтыладым. Осы ниетпен 16 жасымда Қазалы ауданына келіп, Қазалы ауданындағы №17 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне оқуға қабылдандым. Бәпкерім – Құлбаев Бақытбек. Өзінің талапшылдығы, адалдығы, еңбекқорлығының нәтижесінде менің осындай дәрежеге жетуіме көп көмегін тигізді. 7 жылға жуық уақыт аралығында ұстазымың ақыл-көнесінің нәтижесінде бала кезімде армандаған спортшыға айналдым. Алдағы уақытта Азия, Әлем чемпионаттарына қатысып, ілемділік көк туын көтергім келеді. Бұл мақсатқа жету үшін күн-түні физикалық жаттығуды үдетіп, үнемі ізденісте болу шарт.

– Спорт нәзікжандыларға қандай артықшылық береді деп ойлайсыз?

– Осы сауал көп ойландырады. Қоғамда бокс қыз балаға тән спорт емес деген ой айтылуда. Алайда бұл пікірмен келіспеймін. Спорт – қыз балаға да тән спорт. Еңбектеніп, ел-жұртының атақ-абыройын әлемдік додаларда дәріптеуге қыз баланың да үлесі зор. Бұдан бөлек өз-өзің қорғау, жақынына көмек болу, тәртіпке үйрену үшін де бокстың берері мол. Сондай-ақ спорттың арқасында әлемді аралауға болады. Артықшылық та осы тұста болса керек. Бүгінде дейін аталған ойыма қатысты бәпкерлер мен әріптестер тарапынан ешқандай қарсы пікір естімедім. Сондықтан әрбір жасөспірімге спорт мүмкіндік бастауына айналады десем артық емес.

– 8 наурыз — халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік лебіздізбен бөліссеніз.

– Аналар және қыздар қауымы, баршаныңды 8 наурыз мерекесімен құттықтаймын! Көктемдегі құлшырып, күлдей жайнап жүре беріңіздер. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Өрқашан жақсылықтық бастауы болып, әлемге жылы сыллаудан шаршамаңыздар!

Сұхбаттасқан Берен ШАҒЫРӨВ



Көктем – дене мүсіңге көңіл бөліп, денсаулыққа мән берер шақ. Көбі дене шынықтырудың әдісін таңдағанда жүгіруге жүгініңті жасырын емес. Себебі артық шығын жоқ, ақылы жаттығу запына барудың қажеті шамалы. Тек жүгіру мерзімі мен ережесін білсеңіз болғаны. Осы арада жүгіруді бастамақ ниеттегі спортсүйер қауымының қадесіне жарайтын бірнеше кеңесті назарға ұсынуды жөн көрдік.

ЖҮГІРУДІҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Спорттың кез келген түрінде ең қиыны – бастау. Бойыңдағы ерік-жігеріңізді жинап, бастап кету қажет. Кейін біртіндеп бұл күнделікті әдетке айналады. Жүгіру бірде-бір қаражат пен қосымша құралдарды талап етпейді. Бұл – жаттығудың ең қарапайым ері жеңіл түрі. Ол – барлығына қолжетімді ері пайдасы мол спорт.

Спорттың бұл түрімен кез келген жерде және кез келген уақытта шұғылданауға болады. Тіпті ауа райы мен тау-тас та сізге кедергі келтіре алмайды.

Жүгіру кезінде әуелі үстіңізге киетін киімді дұрыс таңдау және табаны жайлы аяқ киім кию қажет. Бір айта кетерлік, мамандар тас жолда көп жүгіруге кеңес бермейді. Керісінше жай топырақ, шөп үстінде болмаса резеңке төселген арнайы жерлерде жүгірген абзал.

Жүгіру – денсаулықтың кепілі. Күн сайын бір мезгіл жүгіру арқылы сергектік келеді. Ол адамның иммунитетін көтеріп, жүрек-қан тамырларының жұмысын жақсартуға септігін тигізеді. Күнделікті жүгіруді әдетке айналдырғанның қан қысымы реттеледі және бауырдың жұмыс істеуі жақсара түседі. Сондай-ақ қанның жүру көлемі ұлғайып, ас қорыту жұмысы белсенді жүреді.

Тағы бір айта кетерлік, жүгіру күйзеліс уақытында пайда болған қан қысымының көтерілуін азайтады. Әсіресе бір орында тапжылмай жұмыс істейтіндер спорттың осы түрімен белсенді түрде айналысқаны жөн. Нәтижесінде сүйектердің қатаюын ері төзімділігін

арттыруға және салмақ қосу қаупін болдырмауға болады.

Кез келген қозғалыстың миға оттегінің тасымалдауын жақсартатынын және зейінді қуаттандыратынын ұмытпаған жөн. Жүгіру тыныс алу жүйесін де жақсартуға септігін тигізеді, ұйқысыздықтан арылтады, қартаю процесін де тежейді. Спорттың қолжетімді түрімен айналысу ағзаны зиянды токсиндерден және қауіпті қалдықтардан тазартуға көмектеседі. Сондай-ақ теріңіз жақсара түскенін байқайсыз.


Әсіресе таңғы уақыттағы жүгіру адамға жан тыныштығын сыйлайды. Сол уақытта адам ммы ерекше күйге түседі. Мамандардың айтуынша, дәл сол кезде жүгіріп өмір жайлы ойлануға,

жөн. Бір айта кетерлік, таңғы ас жеткілікті мөлшерде болуы керек. Бірақ бұл асқағанға тым ауыр болмау қажет. Жүгіру қосымша калориядан құтылуға көмектеседі. Жүйелі жүгіру жаттығулары ағзаның қалықа келу функцияларын жақсартыды.

Ал бапаны жеңіл атлетикамен айналысуға шамамен сегіз-тоғыз жастан берген дұрыс дейді мамандар. Түрлі ойын арқылы жеткінішектердің жүгіруге қызығушылығын оятуға болады. Әлбетте, бұл процессте монотонды жаттығулар болмауы керек. Керісінше қысқа ері жеңіл және қызықты болуы қажет. Мәселен, 100-200 метрлік шағын жарыстар ұйымдастыруға болады. Сондай-ақ

балаға арналған секция мен жақсы жаттықтырушы таңдау өте маңызды. Өйткені жаттықтырушы кішкентай спортшыны дайындаудың бастапқы кезеңінде жүгіруге деген сүйіспеншілігін оятуы қажет.

Жүгірушілер егер кәсіби тұрғыдан айналысуды мақсат етсе, онда тек денені қыздырумен және жүгірумен шектелмегені жөн. Денеге күш түсіретін арнайы жаттығуларды жасауды ұмытпағаны жөн. Ал жүгірудің ауесуей түрімен айналысатындар аптасына үш-төрт мәрте жаттығса жеткілікті.



болшақты жоспарлауға болады. Сондай-ақ жүгіруден жаттығуды бастаған



Нәзіктік пен сұлулықтың, батылдық пен жетістіктің қосындысы сынды әйел табиғаты сан қырлы. Дегенмен әйел жаңын түсінуден бұрын сүйе білу керек. Ал көз келген жастағы, жердің көз келген түкпірінде тұратын әйелдердің ортақ өлсіздігі бар: ол – гүлдер. Иә, сыйға гүл алуды ұнатпайтын, гүлге балаша қуанбайтын әйел жоқ.

Құлпырған көктем айында нәзікандыларға қандай гүл сыйлаған жөн? Әр гүлдің, әр түсті өзіндік сыры қандай? Гүл сыйлау әдебин білеміз бе? Осы сұрақтарды тереңінен тарқатақ.

Гүлдің әдемі емесі жоқ. Себебі әр гүл өзінше сиқырлы, өзінше құнды. «Гүлдер – жердегі жұмақ» деген ұғымның қалыптасуы да содан шығар. Раушан ежелден өте тартымды гүл ретінде саналады. Гүл дүкендеріндегі ең көп алысатын берілетін түр десек, артық емес.

Лилияны көз келген мерекелік тіпті, үйлену тойына да сыйласаңыз жарай береді. Сүйіктіңіз, құрбыңыз, әрпітесіңіз үшін лалагүлі керемет қуаныш сыйлары анық. Бұл гүл Ежелгі Римде жетістіктің, байлықтың нышаны саналған. Қызғалдақ – шынайы сезім, таза махаббаттың белгісі. Қызыл қызғалдақ өз сезімін жеткізу үшін берілетін гүл түрі. Сары түсті қызғалдақ – бақыттың, сыйғырпағанның құлқын белгісі, ал ақ түстісі тазалықты білдіреді.

Орхидея гүлінің Қытай халқы үшін орны ерекше. Олар орхидеяны мәнді өмір сыйлайтын гүл ретінде көреді. Сондай-ақ, жат сырқаттан сақтайды деп сеніп, ұдыстарды бөздендіруге кең қолданған. Орхидеяны қатты ұяқтан адамныңыздың жүрегін жаулап алғанды сыйласаңыз. Ол – байлықтың, ұлылықтың, табандылықтың символы.

Хризантемаңыңотаны Жалония екенін білеміз. Жалондықтар үшін бұл гүл адал достықтың белгісі. Ақылдылық пен даналықты суреттейтін хризантема денсаулықтың мықтылығын да сипаттайды. Өзін үшін орны бөлек, адал досыңызға сыйласаңыз, күбә-ақ!

Сонымен қатар гүл қосымша сыйлық ретінде немесе негізгі сыйлық ретінде сыйлануы мүмкін. Барлығы қалай сыйлайтыныңызға және әрбір детальға көңіл аударуыңызға байланысты.

Ең бастысы гүл түсін дұрыс таңдаңыз. Сүйіктіңіздің жақсы көретін түсін өсиңізге түсіріңіз. Егер жақсы көретін түсін білмесеңіз, гүлдердің түсін үңіліңіз. Жыл маусымын да есте ұстауыңыз керек. Негізгі мәзірлікте көзге қатты әсер етпейтін жеңіл, бағын гүлдерді сыйлаған дұрыс. Ал қыс мезгілінде роза гүлін сыйлаған жақсы болады. Ашық жат жазуды да ұмытпаңыз. Әдемі сөздер әдемі гүл шоғымен үйлесім табады. Шама келсе құттықтау ретінде жаттанды сөз жазбай, өзініз ойланғаныңыз дұрыс. Бұл сіздің сыйлыққа бейжай қарамайтыныызды көрсетеді.

Қыздарға кеңес: сыйға гүл алсаңыз, қауызын ашпай, сол күйі сақтаған жөн. Үй жағдайында ұзақ ұстау үшін салқын бөлмеге қойып, суын күнде ауыстырған дұрыс. Қажет болса қант не ацетилсалцилді қышқылдың суға қосуға болады. Оған қоса астын қырқып тұру керек. Сонда гүлді бір аптаға дейін өз калпында сақтауға болады. Сондай-ақ күн көзін жақсы көретін не керісінше ұнатпайтын гүлдер бар екенін естен шығармаңыз. Гүлдердің түрін тоқталдық. Ал түстердің құпиясы неде? Ақ түсті гүлдер тазалықтың, шыншылдықтың, жаңы таза қыздарға деген құрмет белгісін білдіреді. Сонымен бірге ақ түс отбасын құру туралы ұсынысты білдіреді деген де түсінік бар. Егер жас келіннің қолындағы гүлденгені ақ түстен шоғырландырса, онда жас жұбайлардың бір-біріне деген сезім, құрметтері де ұзақ болады.

Қызыл түс тек қана махаббаттың белгісі ретінде қолданылмайды, раушаннан басқа қызыл қаламыр, қызыл лала, қызыл хризантема гүлдері де сұрыныста. Қызыл түсті гүлдер мықтылықты, билікті, бұла күшті сипаттайды. Сондықтан бұл түстегі гүлдер мықты мінезді, билік құмар, күш-жігері жоғары адамдарға сыйланады. Алқызыл гүлдердің сыры бөлек. Ер адам сізге алқызыл түсті гүл сыйласа, бұл ерекше белгі. Мұндай түс нәзіктік пен бұршқ жарып келе жатқан махаббатты сипаттайды.

Сүйіктісінен сары түсті гүл алған кейбір бойжеткендер мұны келіспеушілік пен айырылысудың, қайғы-мұңның белгісі деп түсініп жатады. Шындығында бұрын ер-азаматтар қыз-келіншектерге жақын арада қарым-қатынастарының аяқталатынын білдіру мақсатында сары түсті гүлдерді сыйға тартқан. Алайда қазір сары түс байлық пен бақыт тілегенде, мерекеле, қуанышта ұсынылады. Сары лалагүлді дос құрбыларыңызға сыйға тартуға өбден болады.

Көк түсті гүлдер жұмбақ пен құпиялылықты білдіреді. Мұндай түсті гүлдерді сырын білмейтін, жұмбақ дүниелі қызық жандарға сыйға тартыңыз. Ал сүйіктіңізге көк түсті гүл шоғын сыйласаңыз, адал махаббатыңыз бен таза пейіліңізді білдіре аласыз. Аспан түстес көгілдір гүлдер тазалықты, шынайылықты білдіреді. Бұл түсті гүлдерді жаңы таза, пәк, сұлу мінезді адамдарға сыйға тартуға болады. Жасыл түс бейбітшілік пен тыныштықты бейнелейді. Жақыныңызға сыйласаңыз, көңілге тыныштық, үйлесім сезімін сыйлайды.

Аделина МӨДЕЛХАНҚЫЗЫ



«Өнер дегеніңіз бір ерекше тылсым нәрсе. Суретші, ақын, жазушы, зерткер, өңші мен сазгер: оның барлығының арқаруы – шабыт. Шабыттың келіп қалса, алакеумідеп атқан таңда да, күні қызарып батқан кеште де қолыңа қаламыңды алып, шығармашылық жағына тартып отырыңыз. Қызыр келген тақырыпты дер кезінде қаузап, қаламыңа арқау етпесен, ертең кеш болады. Шабыт – қонырау шалсаң, құстай ұшып кетпейді досың емес, ол саған айтады келеді, айтап кетеді. Осылайша бар ынтан мен ықыласыңды арнай алсаң, өнердің көгіне қанатыңды қағасың. Содан бақыт табасың. Өйтпесе, өнерді түсіне білмесең, қыын. Бастысы, өзіңді өзін тануың керек» дейді Бауыржан Палымбетов.

Талантты жас көбіне бейнелеу өнерінің ішіндегі ескініндеме бағытымен кезділеді. Оны қаламынан туған талай туынды көрерменнің оқ бағасын алған. Заманауи тұрғыда графити аэрозольмен сурет салу әдісіне көп мән береді. Бұрын майлы бояулармен салатын сәтте бір сурет салуға көп уақыт кететін. Қазір даярған өнерді менгерге түскен. Өзінің қиялындағы көріністі 30 минут келеміде салып, аяқтай алады. Өлбетте, бұл ретте жас ұстаздың терең ізденісі мен өзіне-өзі талап қойып, шыңдала түскенін ерекше айту керек.

«Өнерді болсын, басқа да қай сапада болсын, алдымен мамандығыңды шын сүйіп, іске кіріспесен, бәрі бекер. Шын қалаған мақсатыңа міндетті түрде жетесің. Абай атамыз «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ағылғы мен қайратың өк жатпа» деп бекер айтаған. Өзіне сенімді түрде жарқын болашаққа қадам басып, әлемдік сурет салу дағдыларын зерттеп отырып, тиімділігін, ойыңдағы көріністі қаз-қалпында көркем, әсем етіп салу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білу керек. Біз оқушыларды осы бағытта тәрбиелеп, олардың талантын дамытып келеміз», - дейді талапшыл ұстаз.

Иә, Бауыржанның таланты бала күнінен ойған. «Әрбір жаннан титтей нәрсе үйренсем, ұстазымың қатарына қосамын» деген өнерді Бейнелеу өнерінің соңына оқушылық кезден шам ала түскен. Бүгінде жеткен жетістіктері осы еңбекқорлығының арқасында болса керек. Қазақ бейнелеу өнеріндегі тұғыры биік көп тулғаны ұстаз тұтып, олардың жақсы қырларын өзіне сиіріп келеді. Өйткені, өнерде де өмір бойы ізденіс пен білім алу қажеттігі заңдылық.

«Өнерімнің іргетасы мектептен бастап қаланды. Білім ошағындағы бейнелеу өнері пәнінен бөртен ұстаздарым осы бойынша дарының өзіне сиіріп келеді. Өйткені, өнерде де өмір бойы ізденіс пен білім алу қажеттігі заңдылық.

«Өнерімнің іргетасы мектептен бастап қаланды. Білім ошағындағы бейнелеу өнері пәнінен бөртен ұстаздарым осы бойынша дарының өзіне сиіріп келеді. Өйткені, өнерде де өмір бойы ізденіс пен білім алу қажеттігі заңдылық.

«Өнерімнің іргетасы мектептен бастап қаланды. Білім ошағындағы бейнелеу өнері пәнінен бөртен ұстаздарым осы бойынша дарының өзіне сиіріп келеді. Өйткені, өнерде де өмір бойы ізденіс пен білім алу қажеттігі заңдылық.

«Өнерімнің іргетасы мектептен бастап қаланды. Білім ошағындағы бейнелеу өнері пәнінен бөртен ұстаздарым осы бойынша дарының өзіне сиіріп келеді. Өйткені, өнерде де өмір бойы ізденіс пен білім алу қажеттігі заңдылық.

«Өнерімнің іргетасы мектептен бастап қаланды. Білім ошағындағы бейнелеу өнері пәнінен бөртен ұстаздарым осы бойынша дарының өзіне сиіріп келеді. Өйткені, өнерде де өмір бойы ізденіс пен білім алу қажеттігі заңдылық.

«Өнерімнің іргетасы мектептен бастап қаланды. Білім ошағындағы бейнелеу өнері пәнінен бөртен ұстаздарым осы бойынша дарының өзіне сиіріп келеді. Өйткені, өнерде де өмір бойы ізденіс пен білім алу қажеттігі заңдылық.

КАЛАМЫҢНЫҢ ҚАСИЕТІ

МҰҢ СЫЙЛАМА, ГҮЛ СЫЙЛА!

Тоқты
Әрбір істе сізді сәттілік күтіп тұр, тек өзіңіз білмейтін іске араласпаңыз. Өз күшіңіз бен мүмкіндіктеріңізді дұрыс бағалаңыз. Өзіңізге деген шектен тыс сенімділіктің салдарынан қиындықтар туындауы мүмкін. Мүмкіндік болса, уақытты үйде өткізген жөн. Соның арқасында шығармашылық әлеуетіңіз артады.

Торпақ
Жеке басыңызды ғана ойлап, өз ісіңбен ғана айналыспауға тырысыңыз. Жақындарыңыз бен достарыңызбен араласу үшін де уақыт қалдырыңыз. Сіздің немқұрайлығыңыздан қиындалатын жандарды бір сәт ойлансыз.

Егіздер
Душпаныңыз сізді аяқтан шалуға тырысқанмен өзін ыңғайсыз жағдайға қалуы мүмкін. Ал сіз өз шеңберіңізді тырысып, сонда өзіңізді жақын көрсетіп, абыройыңызды арттырасыз. Кәсіби салада өзгерістер болуы мүмкін.

Шаыан
Күйгелектік пен жабырқалуы көңіл-күйіңізді ескермесек, денсаулығыңыз жақсы деуге болады. Денсаулығыңызды қалай нығайту керектігін ойлансыз. Алтада өзгерістер болып, жаңа адамдармен танысуыңыз мүмкін. Ішкі түйсіңізге құлақ асып, жағымсыз адамдардан іргенді алауқ ұстансыз.

Ардыстан
Сізді сәттілік күтіп тұр, тек күшіңізді дұрыс бағалап, серіктесіңіздің мүмкіндіктерін де ескеріңіз. Өзіңізге тым сенімді не сенімсіз болсаңыз, қиындықтар туындауы мүмкін. Жұлдыздар бол уақытты үйден тыс жерде, театрда немесе достарыңыздың үйінде өткізуге кеңес береді.

Бикеш
Таныстықтар мен шығармашылық кездесулер үшін қолайлы сәт. Сізді, көзқарастарыңызды қолдайтын адаммен сөйлесуге тырысыңыз. Соның нәтижесінде шығармашылық әлеуетіңіз артады.

Таразы
Зерігу, қанағатсыздық, ашушандық сынды сезім пайда болуы мүмкін. Ұрыс пен жанжалдар да орын алуы ғажап емес. Бойыңыздағы қырсықтық, менмендік, екіжүзділік сынды жағымсыз қасиеттерге көңіл бөліп, олардан арылуға тырысыңыз.

Мерген
Қаржылық операциялар үшін қолайлы уақыт. Мәмілеге келіп, басшылықтың көңілінен шықсаңыз табыс табаңыз. Жаңа серіктестер пайда болуы мүмкін. Ішкі өркіндікпен арнайылмау тапшылығыңыз кез келген ісіңізді жоққа шығаруы мүмкін. Түйсіңізге құлақ асыңыз, ол дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Сарышаян
Маңызды шаруаларды апта аяғына қалдырыңыз, сонда тәлетендік орынап, бәрі оң шешіледі. Алтада жаттығу жасаған пайдды. Жұлдыздар таза ауада серуендеуге, денсаулыққа жауапкершілікпен қарауға кеңес береді.

Тауешкі
Жаңа таныстықтар орнатып, шығармашылық кездесулер мен ойдағыны жүзеге асыру үшін таптырмайтын сәт. Қысқа уақытқа болса да қаржылық жағдайыңыз жақсарып, ісіңіз ілгері басады.

Сұқуығыш
Махаббат, кешірім аптасы басталды. Ғибадатханаға барған жөн. Өзіңізді кінәлі сезінсеңіз, кешірім сұраңыз, сізді ренжіткен адамды кешіріңіз. Алтада қиындықтарға қатты мән бермеуге кеңес береді жұлдызшылар.

Балық
Жандардың кеңесіне құлақ асқан жөн. Мүлік сатып алу үшін қолайсыз сәт. Адам көп жиналатын шараға, сауықкешке бармаңыз. Жазатайым жағдай болуы ықтималдығы жоғары.

Көзкешіл редактор: М.САБЫРЖАН

Дәулет ҚЫРДАН